

**«Ақтөбе облысы білім басқармасы Хромтау ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жұлдыз»
бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

«28» ақпан, 2022 жыл.

1. Білім беру ұйымы туралы мәліметтер:

- 1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.
- 2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктау ауылдық округі, Көктау ауылы, Абай көшесі, 6А ст-е.
- 3) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Занды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама: БСН080140013277, 19.01.2021 жылы берілген.
- 4) Басшы: Занды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған (таңдалған) басқарушы Нугманова Замзагуль Бекказиевна
- 5) Құрылтайшылар (қатысушылар): «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
- 6) Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 23.01.2008 жыл.

2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұны:

Балабақшаның жұмыс тәртібі: балабақша аптасына 5 күн жұмыс жасайды. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Балалардың балабақшада болу ұзақтығы: 07:30 дан 18:00 ге дейін.

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің жалпы білімдік бағдарламасын іске асырады.

Балабақшада 2 топ (жас ерекшелігі аралас), тәрбиелеу және оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

1) балабақшаның өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» негізделген:

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы өткен төрт оқу жылы (2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021) мен ағымдағы оқу жылындағы (2021-2022) жұмыстық оқу жоспарлары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделе отырып әзірленген.

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында 2 топ жұмыс жасайды. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады- 2 топ, «Балапан» аралас тобы және «Гүлдер» аралас тобы. Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы (мәлімет қоса беріледі).

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау барысында оқу әдістемелік жұмыстың нәтижелілігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- ✓ оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілген;
- ✓ қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастырылған;
- ✓ тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған;
- ✓ мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер құрылған;
- ✓ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдары қамтамасыз етілген;
- ✓ тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктері ескеріліп, оқу қызметінің перспективалық жоспарларымен ҰОҚ-нің апталық циклограммалары ұйымдастырылған;
- ✓ креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттер қалыптастырылған;
- ✓ "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру жоспар бойынша іс-шаралар өткізілген;

Құжаттар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған);

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Осы міндеттерді орындау мақсатында «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылған.

Биылғы 2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандық. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған.

Балабақшамызда педагогтердің кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады: педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық оқу қызметтері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс жасауына тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмектер көрсетіліп тұрады. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

Балабақша өзін-өзі бағалау барысында нормативті-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті жеке бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Әр мерекеге сай ертенгіліктер өз уақытында жылдық жоспарға сай өткізіліп отырады. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қолданылатын көрнекіліктер мол, эстетикалық талғамға сай жасалынған, сонымен қатар театр түрлері өте көп. Жылдық жоспарда бекітілгендей 5 педагогикалық кеңес, Өндірістік жиналыс, семинарлар, ата-аналармен жұмысы жоспар бойынша уақытымен өткізіліп, өз деңгейінде жұмыстар өткізіліп отырады. Үнемі ата-аналар үшін кеңестер, сауалнамалар, ашық есік күні өткізіліп отырылған. Ата-аналар мен мекеме педагогтарымен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай «Спорт – денсаулық кепілі» атты спорттық жарыстар өткізіліп, ата-аналармен балабақша сабақтастығы нығайта түсті. Ата-аналар жиналысы және жеке ата-аналармен кездесулер үнемі жүргізіліп отырылады. «Рухани жаңғыру» идеясы атамекен ұлттың бір болуын, ұрпақ пен туған жердің үнемі байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Осыны негізге ала отырып, балабақша педагогтары балаларды Отанын, туған жерін сүйуге, сүіспеншілікке, мейірімділікке тәрбиелейді. «Рухани жаңғыру» бойынша жылдық жоспарға кірітілген және бекітілген іс-шара жоспарларына сай өткізіліп отыр.

Ата-аналармен жұмыстың негізгі бағыттары:

- ұйымдастырушылық-делдалдық (ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие процестеріне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитеттерінің және басқа да ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі);
- ақпараттық –ағартушылық (ата-аналарға балабақша туралы ақпарат пен балабақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру; ата-аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру; жеке педагогикалық көмек; ата-аналарға тиісті ақпараттың әр түрлі құралдарын қолдану);
- ұйымдастырушылық –педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-шараларға тарту, бос уақыттарында сауықтыру шараларына қатысу, балабақшаға мүмкін болатын көмек көрсету).

- Ата-аналарды әлеуметтік зерттеу мақсатында балабақшада балалардың әлеуметтік карталары әзірленді, оның ішінде келесі тармақтар бар: отбасылық жағдайы, жасы, ұлты, білім деңгейі, отбасы құрамы, әлеуметтік жағдайы.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі).

Тәрбиеленушілердің ата-аналардың білім беру қызметіне, сапасына қанағаттануын талдау:

Талдау барысында сауалнама және алынған нәтижелерді зерттеу жүргізілді.

Балабақшада ата-аналармен сауалнама жүргізілді, оның негізгі міндеттері:

- білім беру мекемесінің және оның педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналардың қанағаттану деңгейін анықтау,
- оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау;
- балабақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау;

Алынған мәліметтерді талдау мынаны көрсетті:

«Гүлдер» аралас тобының ересек жастағы балалардың ата-аналары «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының жұмысына риза, ата-аналардың білім беру мекемесі мен оның педагогикалық ұжымының жұмысына қанағаттану коэффициенті 90,9% құрады, бұл қанағаттанудың жоғары деңгейін көрсетеді. Ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы алынған ақпарат әкімшілікпен тәрбиешілерге келесі оқу жылына жұмысты жоспарлау кезінде балабақша мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін ата-аналардың сұраныстары мен тілектерін қарастыруға және ескеруге мүмкіндік береді.

Ата –аналардан алынған сауалнамалар нәтижесі:

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Толы ғымен келіс пеймін	Келіспей мін	Жауап беруге қина ламын	Келісемін	Толы ғымен келісемін
		-2	-1	0	+1	+2
1	Денсаулық	0	0	9,09%	9,09%	81,81%
2	Коммникативтік	0	9,09%	0	9,09%	81,81%
3	Танымдық	0	9,09%	0	0%	90,9%
4	Шығармашылық	0	9,09%	0	9,09%	81,81%
5	Әлеуметтік	0	9,09%	0	9,09%	81,81%

Балабақшада ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен сауалнама 2022 жылдың ақпан айының 25-26 аралығында Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және ата-аналар қатысып, нәтижелерін шығарды. Балабақшамызда ересек

тобында 11 бала бар. Сауалнаманы 11 ата-ана толтырды, мұндағы нәтижесі 90,9% құрайды. Ересек тобында мүмкіндігі шектеулі 1 бала бар.

Осылайша, сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып:

1. Ата-аналарды 2022 жылғы мамыр айындағы жоспарлы жалпы ата-аналар жиналысында сауалнама нәтижелерімен таныстыру.

2. 2021-2022 оқу жылына арналған балабақшада жұмыс жоспарына сауалнама нәтижелері бойынша отбасымен өткізілетін іс-шаралар енгізілсін.

Педагогикалық ұжым әрдайым ізденісте, информациялық жаңалықтарға құмар, өз тәжірибелерінде жаңа технологияларын қолдана отырып, заман талабына сай жұмыс жасап, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, саналы да сапалы білім беріп келеді. Оқу жылының барысында мақсат-міндеттері айқындалып, бағыт бойынша жұмыстар жүргізілді. Әр айда күн тәртібіндегі бала өмірі іс-әрекеттерінің ұйымдастырылуын қадағалап, бақылау жүргізіліп отырылды және балабақшадағы өзекті мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарға төмендегідей талдаулар жасалынып отырылды.

Өткізілген іс-шаралар, ашық оқу қызметтері, мекеме ішілік семинарлар, шығармашылық ізденістер жас ерекшеліктеріне, тақырыптарына сай өткізілді.

Қорытынды: Ересек тобының ата-аналары арасында өткізілген сауалнама жұмысының нәтижесінде 90,9% берілді. Өйткені ата-аналар балаларының тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жас ерекшеліктері бойынша меңгерілуге тиіс білім, білік, дағды білім беру салаларын меңгерген.

Стандартты игеу дәрежесі анықталды балалардың құзіреттілігі және МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Балалардың білім, білік, және дағдыларды игеруін бақылауы көрсеткенде, педагогтар танымдық, денсаулық, әлеуметтік, шығармашылық, тіліді еркін дамытуға бағытталған түрлі құралдар мен балдарды тарту және шағырландыру әдістерін қолданады.

Балабақшада бес сала бұрыштары қамтылған және «Ұлттық бұрышы» жасалынып, жабдықтармен қазақша оюлармен көмкерілген бұйымдармен, төсеніштермен жабдықталған. «Табиғат бұрышы», «Кітапхана» сонымен бірге «Аурухана бұрыштары» жасалынып, жабдықтармен жасақталған.

Оқу-материалдық активтері «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының 2017-2021 оқу жылдар аралығындағы материалдық-техникалық базасының сараптамасы:

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы 2008 жылы пайдалануға берілді, жобалық қуаттылығы -30орындық. Арнайы үй-жайдың барлық жиынтығымен 2 топ жұмыс жасайды: топтық (ойнайтын бөлмесі, жатын бөлмесі, дәретхана бөлмесі) медицина бөлмесі, ас бөлмесі және әдістемелік бөлмесі. Ауласында топтық және балалар ойнайтын шағын спорттық алаң бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

-медициналық кабинеті;

-Әдістемелік кабинеті;

Оқытудың техникалық құралдары:

-2 теледидар;

- 1 колонка;
- 2 комплект компютер;
- 1 түссіз принтер;
- 1 Түсті принтер;
- Интернет жұмыс жасайды;

Материалдық-техникалық базаны толықтыру «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасын даму бағдарламасына сәйкес жүргізілуде. Ата-аналар үшін қабылдау бөлмесінде «Ата-аналар сіздер үшін» стенді ілінген, сол жерде жоспарға сай кеңестер өткізілді. Балабақшада тәрбиеленушілердің үнемі қатысымы бойынша ауруына байланысты талдаулар жүргізіледі. Балаларды тамақтандыру тағамдық заттардағы физиологиялық қажеттіліктер негізінде әзірленген. Меңгеруші бекіткен мәзірге сәйкес жүзеге асырылады. Жыл сайын денсаулық жағдайының динамикасын бағалау бойынша зерттеу мониторингі өткізіледі.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың болуы: «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында педагогикалық қызметті - 7 педагог асырады: меңгеруші, әдіскер, 4 тәрбиеші, 1 педагог-психолог және 1 музыкалық жетекші. Кадрлық құрамды бекіту «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша жарғысына сәйкес, педагогикалық ұжым білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты бойынша жүзеге асырылады. 2020-2021 оқу жылындағы педагогикалық жұмысшылардың жалпы саны 7 адам, бұл өткен жылдағы педагог қызметкерлер санымен тең. Кадрлар қамтамасыздану сараптама процесінде аттестациялық комиссия 2017-2021 жылдар аралығындағы құрамның сапалық өзгерістер мен педагогикалық кадрлардың біліктілігінің келесі нәтижелерін көрсетті.

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Жоғары пед.білім	Соның ішінде мектепке дейінгі	Арнаулы орта	Соның ішінде мектепке дейінгі	орта	Аяқталмаған жоғары	Аяқталмаған арнаулы орта
2017 - 2018	8	2 - 25%	0	6 – 75%	6 – 75%	-	0%	0
2018-2019	7	2 - 25%	0	5 – 75%	6 – 75%	-	3-25%	0
2019 - 2020	8	2 - 25%	0	6 – 75%	6 – 75%	-	2-25%	0

2020 - 2021	7	4 - 57%	2 – 28,57%	3 –42,8%	3–42,8%	-	1-14,28%	0
2021 - 2022	7	4 - 57%	2 – 28,57%	3 –42,8%	3–42,8%	-	1-14,28%	0

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Зерттеуші	Сарапшы	Екінші	Модератор	Санаты жоқ
2017-2018	8	0	1пед.(12,5%)	0	0	4пед (50%)	0	3
2018-2019	7	0	1пед.(14,28%)	0	0	5пед (75%)	0	0
2019-2020	8	0	1пед.(12,5%)	0	0	4пед (50%)	0	3
2020-2021	7	0	1пед. (14 %)	0	0	4пед (57%)	0	2
2021-2022	7	0	1пед. (14 %)	0	1пед.(14%)	3пед (42%)	2 (28,5%)	0

Біліктілік санаты бойынша кадрларға міндеттеме

Қазіргі уақытта бірінші санат-1, екінші санат-3, жаңа санат бойынша педагог-сарапшы -1, педагог-модератор-2. 2022-2023 оқу жылына біліктілік санатына үміткер алдағы уақытта педагог-сарапшыға -6, педагог-модераторға - 1, басшылық екінші дәрежеге-1 педагог. (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмесі қоса беріледі.)

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптары орындалған. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында ерекше білімді қажет ететін 1 баламыз бар.

Құжаттар: Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен көрсетілген кезеңде жүргізілген жұмыстар, балаларға арналған жеке оқу жоспарымен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі;

6) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы:

Өткен төрт оқу жылымен ағымдағы оқы жылында бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылған. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уақытына жүргізіледі. Сонымен қатар, диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмыстары жүйелі жүргізіледі. Баланы қолдау , оның білім

беруді даралау, жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендіру жұмыстары ұйымдастырылуда.

Құжаттар: *Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі;*

7) «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны: ұқсас тақырыптар негізінде құрастырылған перпективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктерімен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады. Балабақшада білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру үшін заманауи технологиялар қолдану арқылы көрнекілік, сөздік, практикалық, дәстүрлі әдістер мен тәсілдер кеңінен қолданылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді. Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жас ерекшеліктерін, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық күзіреттілік танытады. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдыларымен өз бетінше үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған апталық циклограмма құрылады. Циклограммада санитарлық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібі сәтінің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы анықталады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балалар ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі жаттығуларды, *ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б)* ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды. Балабақша әдіскері тәрбиешілердің апталық циклограмманы уақытылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстар мен кеңестерді ұсына отырып жүзеге асырады.

8) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы: Жоғарыда аталған оқу жылында балабақшаның үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының бастапқы даму мониторинг нәтижелері бойынша анықтама. Балабақшаның 2 аралас тобында бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізілген.

Мониторинг Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалды.

Негізгі білім беру салалары: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша білім, білік және дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау.

Мектеп жасына дейінгі балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту Қазақстан Республикасының білім беру саясатында айқындалған.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мектепке дейінгі білім беру саласындағы негізгі бағыттарының бірі мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша индикаторлар жүйесін жетілдіру болып табылаы.

Балабақша бойынша бастапқы мониторингке 2017-2018 оқу жылында - 43 бала, 2018-2019 оқу жылы – 30 бала, 2019-2020 оқу жылы -30 бала, 2020-2021 оқу жылы – 21 бала; аралық мониторингке 2017-2018 оқу жылында - 43 бала, 2018-2019 оқу жылы – 30 бала, 2019-2020 оқу жылы -30 бала, 2020-2021 оқу жылы – 21 бала; қорытынды мониторинг бойынша 2017-2018 оқу жылы -43 бала, 2018-2019 оқу жылы – 30 бала, 2019-2020 оқу жылы -30 бала, 2020-2021 оқу жылы – 30 бала бала қатысқан. *(Жиынтық есеп қоса беріледі).*

Қорытынды:

Осы мониторинг нәтижелері бойынша білімі мен дағдылары төмен балаларға жеке даму парағы жасалып, жылдың соңына дейін жүргізіліп, балалармен жеке жұмыс жасалған. Жеке жұмыс барысында балалардың білімі мен дағдылары бастапқы , аралық, көрсеткіштен әлдеқайда жоғарылап, балалардың даму нәтижесі қарқынды өсуіне ықпал етілген. Әр топ бойынша салыстырмалы диаграммалар, аналитикалық анықтамалар жасалған. Қазақстан Республикасының аумағында коронавирус індетінің алдын-алу мақсатында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты карантин кезінде балабақшалардың жұмысы уақытша тоқтатылуы себепті 2019-2020 оқу жылының қорытынды диагностикаға, 2020 -2021 оқу жылында балабақша өз жұмысын тамыз айынан бастады, кезекші топ болуына байланысты бастапқы, аралық диагностикасына барлық бала толық қатыса алмаған.

Жиынтық есеп

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, аралық, **қорытынды** (қажетінің астын сызу) бақылау нәтижелері бойынша
2017-2018 оқу жылы

№	Топтың/сыныптың атауы	Бала саны	Денсаулық сақтау			Коммуникативтік -тілдік			Танымдық			Шығармашылық			Әлеуметтік		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	I
1	«Балапан» ебірінші кіші тобы	14	2	7	5	7	5	2	8	4	2	6	7	1			
2	«Балапан» екінші кіші тобы	14	2	7	5	7	5	2	8	4	2	6	7	1			
3	«Гүлдер» ортаңғы тобы	18	2	13	3	3	12	3	3	10	5	3	12	3	1	15	2
	Барлығы	46	6	27	13	17	22	7	19	18	9	15	26	5	1	15	2

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктерімен дағдыларының дамуын бақылау қорытынды диагностиканың 2017-2018 оқу жылының жиынтық хаттамасы

№	Денгейі	Білім беру салалары				
		«Денсаулық»	«Қатынас»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
1	III (Жоғары)	13/28,26%	7/15,22%	9/19,57%	5/10,87%	2/11,12%
2	II (орташа)	27/58,7%	22/ 47,83%	18/ 39,13%	26/56,53%	15/ 83,34%
3	I (төмен)	6/13,05%	17/36,96%	19/41,31%	15/32,61%	1/5,56%

Жиынтық есеп

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, аралық, **қорытынды** (қажетінің астын сызу) бақылау нәтижелері бойынша

2018-2019 оқу жылы

№	Топтың/сыныптың атауы	Бала саны	Денсаулық сақтау			Коммуникативтік -тілдік			Танымдық			Шығармашылық			Әлеуметтік		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
1	«Балапан» бірінші кіші тобы	9	4	4	1	4	4	1	5	3	1	5	3	1			
2	«Гүлдер» екінші кіші тобы	11	1	8	2	2	7	2	2	7	2	3	7	1	2	8	1
3	«Балапан» ортаңғы топ	10	0	7	3	0	7	3	0	8	2	0	9	1	0	8	2
	Барлығы	30	5	19	6	6	18	6	7	18	5	8	19	3	2	16	3

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктерімен дағдыларының дамуын бақылау қорытынды диагностиканың 2018-2019 оқу жылының жиынтық хаттамасы

№	Деңгейі	Білім беру салалары				
		«Денсаулық»	«Қатынас»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
1	III (Жоғары)	6/20,0%	6/20,0%	5/16,67%	3/10,0%	3/14,29%
2	II (орташа)	19/63,34%	18/60,0%	18/60,0%	19/63,34%	16/76,19%
3	I (төмен)	5/16,67%	6/20,0%	7/23,34%	8/26,67%	2/9,53%

Жиынтық есебі

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, аралық, **қорытынды** (қажетінің астын сызу) бақылау нәтижелері бойынша 2019-2020 оқу жылы

№	Топтың/сыныптың атауы	Бала саны	Денсаулық сақтау			Коммуникативтік -тілдік			Танымдық			Шығармашылық			Әлеуметтік		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
1	«Балапан» бірінші кіші тобы	5	2	1	2	1	2	2	2	2	1	1	2	2			
2	«Балапан» екінші кіші тобы	12	0	6	6	0	6	6	3	6	3	2	3	7	2	8	2
3	«Гүлдер» ортаңғы тобы	15	1	4	10	3	7	5	2	7	6	3	6	6	4	6	5
	Барлығы	32	3	11	18	4	15	13	7	15	10	6	11	15	6	14	7

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктерімен дағдыларының дамуын бақылау қорытынды диагностиканың 2019-2020 оқу жылының жиынтық хаттамасы

№	Деңгейі	Білім беру салалары				
		«Денсаулық»	«Қатынас»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
1	III (Жоғары)	18/56,25%	13/40,63%	10/31,25%	15/46,87%	7/25,93%
2	II (орташа)	11/34,38%	15/46,88%	15/46,9%	11/34,38%	14/51,86%
3	I (төмен)	3/9,37%	4/12,50%	7/21,88%	6/18,75%	6/22,23%

Жиынтық есебі

«Жұлдыз» бөбекжай –балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, аралық, **қорытынды** (қажетінің астын сызу) бақылау нәтижелері бойынша
2020-2021 оқужылы

	Топтың/сыныптың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1.	«Балапан» ерте жас	3	2	1	0
2.	«Гүлдер» кіші жас тобы	5	1	4	0
3	«Балапан» ортаңғы тобы	10	2	8	0
4	«Гүлдер» ересек жас	12	0	7	5
Барлығы		30	5	20	5
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 16,6%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 66,6%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 16,6%

Жиынтық есебі

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының **бастапқы**, аралық, қорытынды (қажетінің астын сызу) бақылау нәтижелері бойынша
2020-2021 оқужылы

	Топтың/сыныптың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1.	«Балапан» ерте жас	3	3	0	0
2.	«Гүлдер» кіші тобы	5	5	0	0
3.	«Балапан» ортаңғы тобы	4	2	2	0
4.	«Гүлдер» ересек жас	9	2	7	0
Барлығы		21	12	9	0
			Төмен деңгейдегі балалардың Үлесі 57,14%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 42,85%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 0%

Жиынтық есебі

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының
бастапқы, аралық, қорытынды (қажетінің астын сызу) бақылау нәтижелері бойынша
2019-2020 оқу жылы

№	Топтың/сыныптың атауы	Бала саны	Денсаулық сақтау			Коммуникативтік -тілдік			Танымдық			Шығармашылық			Әлеуметтік		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
1	«Балапан» бірінші кіші тобы	4	3	1	0	4	0	0	2	2	0	1	3	0			
2	«Балапан» екінші кіші тобы	13	0	13	0	7	6	0	9	4	0	2	11	0	8	5	0
3	«Гүлдер» ортаңғы тобы	13	4	6	3	5	7	1	4	6	3	5	6	2	5	6	2
	Барлығы	30	7	20	3	16	13	1	15	12	3	8	20	2	13	11	2

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктерімен дағдыларының дамуын бақылау қорытынды диагностиканың 2019-2020 оқу жылының жиынтық хаттамасы

№	Денгейі	Білім беру салалары				
		«Денсаулық»	«Қатынас»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
1	III (Жоғары)	3/10,0%	1/3,3%	15/50,0%	2/6,7%	2/7,7%
2	II (орташа)	20/66,7%	13/43,3 %	12/40,0%	20/66,7%	11/42,3%
3	I (төмен)	7/23,3%	16/53,4%	3/10,0%	8/26,6%	13/50,0%

Жиынтық есебі

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының **бастапқы**,
аралық, қорытынды (қажетінің астын сызу) бақылау нәтижелері бойынша

2018-2019 оқу жылы

№	Топтың/сыныптың атауы	Бала саны	Денсаулық сақтау			Коммуникативтік -тілдік			Танымдық			Шығармашылық			Әлеуметтік		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
1	«Балапан» бірінші кіші тобы	9	7	2	0	5	4	0	4	5	0	4	5	0			
2	«Гүлдер» екінші кіші тобы	11	7	4	0	6	5	0	7	4	0	6	5	0	7	4	0
3	«Балапан» орта жас	10	4	6	0	6	4	0	4	6	0	5	5	0	4	6	0
	Барлығы	30	18	12	0	17	13	0	15	15	0	15	15	0	11	10	0

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктерімен дағдыларының дамуын бақылау қорытынды диагностиканың 2018-2019 оқу жылының жиынтық хаттамасы

№	Деңгейі	Білім беру салалары				
		«Денсаулық»	«Қатынас»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
1	III (Жоғары)	0/0%	0/0%	0/0%	0/0%	0/0%
2	II (орташа)	12/40,0%	13/ 43,3%	15/ 50,0%	15/50,0%	10/47,7%
3	I (төмен)	18/60,0%	17/56,7%	15/50,0%	15/50,0%	11/52,3%

Жиынтық есебі

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының **бастапқы**, аралық, қорытынды (қажетінің астын сызу) бақылау нәтижелері бойынша

2017-2018 оқу жылы

№	Топтың/сыныптың атауы	Бала саны	Денсаулық сақтау			Коммуникативтік -тілдік			Танымдық			Шығармашылық			Әлеуметтік		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
1	«Балапан» бірінші кіші тобы	14	10	4	0	11	3	0	10	4	0	11	3	0			
2	«Балапан» екінші кіші тобы	14	10	4	0	11	3	0	10	4	0	11	3	0			
3	«Гүлдер» ортаңғы тобы	18	2	15	1	4	12	2	2	12	4	4	10	4	2	14	2
	Барлығы	46	22	23	1	26	18	2	22	20	4	26	16	4	2	14	2

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктерімен дағдыларының дамуын бақылау қорытынды диагностиканың 2017-2018 оқу жылының жиынтық хаттамасы

№	Денгейі	Білім беру салалары				
		«Денсаулық»	«Қатынас»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
1	III (Жоғар)	1/2,18%	2/4,3%	4/8,6%	4/8,6%	2/11,1%
2	II (ортаңша)	23/50,0%	18/39,1%	20/43,4%	16/34,9%	14/77,8%
3	I (төмен)	22/47,83%	26/56,6%	22/48,0%	26/56,5%	2/11,1%

Балабақша меңгерушісі мен әдіскердің қатысуымен балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейлерінің 2021-2022 оқу жылының бастапқы және аралық нәтижелері жүргізілген. Білім сапасы бойынша «Гүлдер» аралас тобының ересек жастағы балалар бастапқы мониторинг бойынша 58,33% , ал аралық мониторинг бойынша 75,0 % көрсетіп тұр. Ересек жастағы балалар физикалық жағынан дамыған; Салауат, Ерхат, Сұлу, Кенжегул, Ақтоғай, Ерасыл, Жасмин денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытады, сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтайды; қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды, заттар мен құбылыстардың белгілері мен сапасын ажыратады; зат есімдер мен көмекші сөздерді қолданады - «үстінде, астында, артында, жанында», ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытады, суреттер бойынша таныс шығармаларды атайды; бір-біреуден, жұптаса ауыса отырып, би қимылдарын орындайды, жануарлардың қимылдарын ұқсатады; Тимур – құстарды, жәндіктерді, үй және жабайы жануарларды, олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атайды және ажыратады; мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытады.

Олжас ұяң, шығармашылық қабілеттерін толықтай танытуға қиналады, бірақ та құрдастарымен өзара әрекетене отырып мәдени мінез-құлық дағдыларын меңгерген. Жыл мезгілдері бойынша сұрақтарға жауап береді, табиғаттың сипаттық маусымдық өзгерістерін анықтайды және атайды; құстарды, жәндіктерді, үй және жабайы жануарларды, олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атайды және ажыратады;

Қорытынды: Салыстырмалы диаграммалардың жиынтық хаттамаларында балалардың диагностикасын қадағалай отырып, білім беру мен білім беру деңгейі мен психикалық процестердің даму деңгейі жеткілікті деңгейде екенін атап өткен жөн. Бұл жүйелі мақсатты жұмыс пен тәрбиеленушілердің алдағы уақытта ересек тобының мектепалды даярлық тобына дайындығын көрсетеді.

3.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) Балабақшада тәрбиеленушілердің денсаулығын, психикасын, қызығушылықтарын қорғау мақсатында базистік оқу жоспарының сағат саны мектепке дейінгі білім берудің МЖМС талаптарына сай жоспарланған. Ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі баланың жас ерекшеліктеріне сай құрылған және балалардың күнделікті өмірде өзара байланысын қамтамасыз етеді. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына және балаларды тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық негізіне қойылған талаптарға сай жұмыс жасайды.

2) Өткен төрт оқу жылымен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарларында ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесі сақталған.

Топтардың жұмыстық оқу жоспарындағы оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсаныдағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. Әдістемелік жұмыстың бағыты әдістемелік кеңес арқылы жүзеге асырылып отырады. Өзін-өзі бағалау барысында бейімделген бағдарламалар тексеріліп, сағат сандары, бағдарламаның балалардың жас ерекшеліктеріне сай екені анықталды.

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезендерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында жас кезендері бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса беріледі.

2) тәрбиеленушіні мектепалды даярлық тобына қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары сақталған.

5 жылға арналған даму перспективалары:

- жаңа спорттық жабдықтармен толтыру;
- көркем әдебиет қорын тұрақты жаңартып тұру;
- АКТ жабдықтарымен қамтамасыз етуді жалғастыру;
- Педагог мамандардың біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өтулерін қадағалау;
- топтарды жихаздармен жабдықтандыру;

Қорытынды:

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырған.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізген. Балабақша педагогтары аудан көлемінде, облыс көлемінде ұйымдастырылған семинарларға, педагогикалық кеңестерге және өз білімін көтеру мақсатында арнайы 72 сағаттық курстарына қатысып өз күзиреттіліктерін көтеріп, өзіндік білім көтеру үрдісінде бейімделген

бағдарламаларды қолданған. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырған. Балабақшадағы психологиялық және эмоционалды жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстар ұйымдастырылған.

Балабақшада тамақтандыруды ұйымдастыру және медициналық қызмет көрсету өз деңгейінде жүргізілген. Балалардың өмірімен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізілген. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік материалдық базасы жеткілікті жабдықталған.

Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізілген. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім берген.




Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:

- 1) «Педагогикалық процесті ұйымдастырғанда жалпы талаптар» (ҚР МЖМБС-1.001-2013), сонымен қатар пәндік – дамытушы органы ұйымдастырғанда жалпы талаптарды орындау барыстарын жалғастыру;
 - 2) Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу;
- 3) Оқу іс-әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтар жаңа технологияларды пайдалану, баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасау.
- 4) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес педагог мамандар өз уақытында бес жылда бір рет курстық дайындықтардан өткізу.

Сараптама комиссиясының төрағасы:  **З.Б. Нугманова**

Сараптама комиссиясының мүшелері:

А.Е.Каюпова 
С.С. Макарова 
К.Е. Досаналина 
С.А.Тойманова 
К.А.Коньсбаева 